



**"Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына микрокредиттік ұйымдар қызметінің мәселелері бойынша толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 16 қыркүйек N 1020

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Z952444\_ Қазақстан Республикасының Заңына микрокредиттік ұйымдар қызметінің мәселелері бойынша толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Жоба

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ**

"Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы"

Қазақстан Республикасының Заңына микрокредиттік ұйымдар  
қызметінің мәселелері бойынша толықтыру енгізу туралы

1-бап. "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы"  
1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының

Z952444\_

Заңына

(Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 15-16, 106-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 184-құжат; N 15, 281-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 5, 58-құжат; N 13-14, 205-құжат; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 11-12, 176-құжат; N 17-18, 224-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 22,

408-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; N 9, 86-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

30-бап мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Микрокредиттік ұйымдар ретінде тіркелген заңды тұлғалардың заңдарда белгіленген тәртіппен микрокредиттер беруі банк операцияларына жатпайды."

2-бап. Осы Заң жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Мамандар:

Бағарова Ж.А.,  
Қасымбеков Б.А.